

ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Мақалада фармацевтикалық пәндерді оқытуда CBL инновациялық тәсілдерді қолдану және болашақта кәсіби міндеттерін білікті, сапалы орындайтын, уақыт талабына сәйкес маманды қалыптастыруға бағытталған фармацевтикалық пәндер курсының әдістемелік жұмысы қарастырылған.

Фармацевтикалық пәндерді оқытуда кейс-технология негізінде - инновацияларды қолдану және еңгізілуі студенттердің жұмысын сабақтың мақсатына бағыттау. Топтық – бағытталған әдіс студенттердің коммуникативтік, өздігінен білім алу компетенцияларын дамытады, қойылған міндеттерді орындауға жағдайын тұғызады. Студенттер кейс-технология тапсырмаларын орындауда өздерінде өскелең мотивацияны байқады, бұл жетістіктер топ мүшелерінің кәсіби білімдері, дағдылары мен істерін топтық жұмысының реттелгендігіне (міндеттерді бөлісу, тақырып сұрақтарын білу, өздік пікір, кәсіби жанасқыштық негізі) көбейту қосындысынан тұрады.

Болашақта химиялық пәндер кафедрасы мен фармацевтикалық пәндер курсына тәжірибелік сабақ барысында CBL әдісін (топтық – бағытталған оқыту) ойдағыдай қолданатын болады.

Түйінді сөздер: фармацевтикалық пәндер, тәжірибелік сабақтар, инновациялық әдіспен оқыту, CBL.

Маңыздылығы. Болон процесіне қатысқан мүше-мемлекеттердің жоғары біліміне жауапты Европалық министрлер Конференциясы коммюникесінде жариялау бойынша Европалық кеңестікте 2020 жылға дейін жоғары білім бұл алдымен демократиялық қоғамның белсенді азаматтарын және бәсекелесуге қабілетті мамандарды дайындау; кең, алдыңғы білім негізін құру мен қолдау және инновация мен ғылыми зерттеулерді ынталандыру істері. Бұл іс оқытандардың мүмкіншілігін кеңейтілуіне және ізденістерін жаңадан белсендіруіне әкеледі [1,2].

Оқу үдерісі соңғы нәтижелерге жетуге бағытталғаны белгілі, тек ғана, егер де студенттер сабақтарға дайындалуға және пікір алысуға белсенді қатысуға уәжайтын жағдайлар жасалынса. Осы жұмыс ұйымдастыруда үш белгілі сәті (L.K.Michaelson, 1998) оқытушыға мына жағдайларды жасауға көмектеседі: жеке және топтық жауапкершілікті дамыту; жеке, топтық жұмысты өзара белсендіретін және байланыстыратын, аудиторияда талқылауға пайдаланатын тапсырмаларды қолдану; өзара және топтар арасында пікір алысуды ынталандыратын клиникалық жағдайларын пайдалану [3,4]. Осы сәттердің барлығы шектеулі түрде топтық – бағытталған оқу технологиясына еңгізілген (TBL,CBL).

Кредиттік оқу жүйесі еңгізілгеннен бері Марат Оспанов атындағы БҚММУ фармацевтикалық пәндер курсымен химиялық пәндер кафедрасында оқу траекторияға негізделіп түлектердің жалпы және кәсіптік компетенциялары қалыптасуына, студенттердің білім алуға уәжайтын қолайлы әдістер еңгізілуде.

Инновациялық педагогикалық технологиясының бірі топтық оқу әдісі немесе TBL, CBL есептелінеді. Берілген тесттерге топтық жауап табу және тапсырмалардың студенттерге материалдарды терең меңгеруіне себеп, нақтылы есептерді шешуге, білімдерін қолдануға, тапсырмаларды түсініп оқудың дағдыларын жетілдіреді. Әдістің құндылығы топтық жұмыс дағдыларын дамытуда, дискуссия жүргізуде, дәлелдеу апелляция қолдануда. Топтық бағалау үдерісі әрбір топ мүшесінің қосқан үлесіне байланысты, студенттердің белсендігін ынталандырады, оқуға жауапкершілігін арттырады [5,6].

Ынтымақтастықпен оқыту әдісінің артықшылығы – студенттерді оқу процесіне белсенді қатыстыру (өзіндік білім алу процесіне, сабаққа дайындалуға жауапкершілік алу), коммуникативті дағдыларды дамыту, топта жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру (әріптестерінен үйрену, олардың білімін бағалауға қатысу, топқа жауапты болу).

Мотивацияны көтеру және тәжірибелік сабақтың материалдарын меңгеру мақсатында фармацевтикалық факультетінің 3 курс 301, 302 топтарына CBL әдісі түрінде мемлекеттік және орыс тілінде тәжірибелік сабақ өткізілді:

- тақырыбы «Дайын дәрілік заттар дәріханасын жұмысын ұйымдастыру» (Фармацевтикалық қызметті ұйымдастырудың негіздері пәнінен).

- тақырыбы «Жақпа майлар. Суспензионды жақпа майлардың технологиясы. Олардың сапасының бағасы» (Дәрілік түрлер технологиясының негіздері пәнінен).

(Case-study әдісі) нақтылы жағдай әдісінің негізгі мақсаты – топ студенттерімен бірлесіп нақтылы жағдайды (case) талдау арқылы практикалық шешімді қабыдауға алгоритмдер табу, оларды бағалау және дұрысын таңдау. Сабақтың басында топ үйде орындаған тапсырманы (жағдайлық есепті шығару)

презентация түрінде ұсынды. Кейстің презентациясы № 1 жағдайлық есепті талқылауға жалғасты. Тапсырманың талқылауына және дұрыс шешім қабылдауға барлық топ студенттері қатысты. Кейстің № 1 жағдайлық есебін орындай отырып, студенттер дұрыс шешім тапты, оны ұқсастық жағдайда (кейстің № 2 жағдайлық есебін) шығаруға қолданды.

Кейстің тапсырмасы студенттерге іскерлік ойыны ретінде белгіленген, яғни топ студенттері болашақта бөлшектен сату сауда дәріханасының және емдеу-профилактикалық ұйымының дәріханасының жұмысын ұйымдастырушы маман ролінде өздерін көрсете алады. Ситуациялық тапсырмалар студенттерден «Олар жұмысты қалай ұйымдастырады, егер де болашақта меншік нысанына тәуелсіз жағдайда дәріханалық ұйымдардың басқаруы мен ұйымдастыру сұрақтарына тап болса?» сұраққа жауап беруін талап етіледі. Ситуациялық тапсырмалар шешімі ҚР ДСМ нормативтік талаптар білімін, фармацевтикалық қызметті лицензиялау ережелерін, дәріханалық ұйымдарды лицензиялау алдында қойылатын біліктілік талаптарын білуіне талап етеді. Кейіс тапсырмасының түбірінде кезең-кезең шешілетін, тұжырымдалған шарттарға негізделген проблемалық жағдай тұр. «Фармацевтикалық қызметті ұйымдастырудың негіздері» пәнінен инновациялық CBL әдісімен өткізілген тәжірибелік сабақ бойынша студенттер дайын дәрілік заттар дәріханасын ұйымдастыруға қажетті нормативтерін қолданып білімдерін нығайтты. Case-study әдісімен өткізілген сабақтың екінші бөлімінде студенттер кейс № 2 жана тапсырма алды. Осы тапсырманы орындау барысында студенттер дәріхананың өндірістік бөлмелеріне қойылатын санитарлық талаптарын (СанПиН) және емдік-профилактикалық мекеменің дәріханасының штат нормативын есептеу білімдерін көрсетті.

«Дәрілік түрлер технологиясының негіздері» пәннен кейстің № 1 жағдайлық есебі бойынша студенттер суспензиялық жақпа майының оптималды технологиясын таңдап, бақылау паспортын жазып, дәрілік түрге сапалық баға береді. Кейстің № 1 есебін оқытушымен бірге талқылау, кейстің № 2 ұсынылған жағдайлық тапсырмасын есептеуі материалды жақсы меңгеруіне мүмкіндік туғызды. CBL әдісімен өткізілген сабақты студенттер теориялық білімдерін суспензиялық жақпа майын дайындаумен нығайтты. Лабораториялық жұмысын төмендегідей жазу үлгісі бойынша жасады:

Rp.: Aethacidini lactatis 0,2

Zinci oxydi 1,0

Vasellini 10,0

Lanolini 5,0

Misce fiat unguentum.

Da. Signa. Зақымдалған теріге жағу

Қорытынды. Интерактивті («inter» - бұл өзара, «act» - әрекет жасау) - өзара әрекеттесу, әңгімелесу тәртібінде өткізу, біреумен диалог құру деген мағынаны білдіреді. Case-технологияна негізделген инновацияның еңгізілуі процесінде мұғалімдердің орны - студенттердің іс-әрекетін сабақтың мақсаты орындалуына бағыттау боп табылады. Студенттер кейс тапсырмаларын орындау барысында үйрене біледі және жаңа материалдары нақтылай оқиды. Топта жұмыс істеу сыни ойлауды дамытады, өзінің адамдармен тілдесуін тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Топтық-бағытталған әдіс тек қана критикалық ойлауды жетілдірмейді, сонымен бірге дискуссияны бірқалыпты

өткізуге және проблемаларды шешуге көмектеседі; студенттерді шабыттандырады, әрдайым ақыл-ой жұмыстарына себепші болады. Топтық жұмыс студенттердің коммуникативтілігін, өздігінен білім алу компетенциясын дамытады, студенттердің бір-бірімен және мұғаліммен қарым-қатынасыннан бөлек, бірге қойылған тапсырмаларды бірлесіп шешуге мүмкіндік береді және топ мүшелерінің арасында міндеттерін бөлу, мәліметтерді іздеуге жағдай туғызады. Сонымен қатар студенттер арасында, студенттер мен мұғалімдер арасында мәліметтермен алмасуына мүмкіндік береді.

Бұл туралы кері байланыс арқылы алынған (сауалнама) студенттердің топтық бағытталған оқу әдісі туралы пікірлер айтады. Студенттердің пікірі бойынша, осындай тәжірибелік сабақ дәстүрліге «біз тек қана мұғалімді ғана тыңдамаймыз»

қарағанда әлдеқайда қызықты, тәжірибелік сабаққа белсене қатысамыз; топтағы жұмыс мені ынталандырады; мен басқалардан қалып қойғым келмейді; топта өзіңнің пікірін қалдыру маңызды, басқаларды ренжітпей өз құқығыңды дәлелдеу.

Тапсырманы орындау барысындағы топтық жұмысы біркелкі болуы, міндеттемелін бөлу маңызды; тапсырманы орындаудың үлкен бір маңызы тақырыпқа байланысты есептердің шешімін табу, сондықтан бұл әдіс мұнан былай пәнді оқуға қызығушылығын арттырады. Болашақта химиялық пәндер кафедрасы мен фармацевтикалық пәндер курсына тәжірибелік сабақ барысында CBL әдісін ойдағыдай қолданатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Малов, И.В. Система управления качеством деятельности образовательного учреждения: рейтинг в вузе / И.В. Малов, Л.М. Яновский // Качество. Инновации. Образование. – 2007. – №3. – С. 35-37.
2. Байділдаева А.С., Сыдық А.Н., Махамбетова М.А., Абдримова З.М., Сарбасова Г.С. Оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану//Вестник КазНМУ.-№ 5, 2014. – С.20-22.
3. Байдури С.А. Пути оптимизации преподавания внутренних болезней в медицинском вузе //Клиническая медицина. -2008. -№3.-С. 36-38
4. Короткокова А.Н. Проблемные лекции как способ активизации познавательной деятельности студентов. Материалы межрегиональной межвузовской научно-методической конференции «Современные проблемы качественного образования в высшей школы» РФ. – Киров: 2007.- С. 70-71.
5. Геллер, Л.Н. Мониторинг степени удовлетворенности студентов качеством обучения на кафедре управления и экономики фармации / Л.Н. Геллер, Н.П. Беда, Л.А. Гравченко, Е.А. Попов // Роль провизора в современной системе здравоохранения : материалы конференции. – Омск: Изд-во ОмГМА. – 2013. – С. 31 – 33.
6. Жумалина А.К., Жарылқасинова М.Б. Оптимизация инновационных процессов в высшей школе/материалы Республиканской научно-практической конференции с международным участием «Актуальные вопросы профессионального образования и воспитания нового Казахстана в новом мире». – Ақтобе: Изд-во ЗКГМУ. – 2007. – С. 67 – 68.

К.ШУРАЗГАЛИЕВ., А.Б САГИНБАЗАРОВА

Западно-Казахстанский государственный медицинский университет, Ақтобе

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

Резюме: В статье рассматривается методическая работа курса фармацевтических дисциплин, акцент в которой делается на использование инноваций в преподавании дисциплины и направлена на формирование специалиста, всесторонне развитого, востребованного в быстро меняющихся условиях действительности, и способного грамотно и творчески выполнять обязанности.

Использование и внедрение инноваций на основе кейс-технологии в преподавании фармацевтических дисциплин сводится к направлению деятельности студентов на достижение целей занятия обучения. Командно-ориентированный метод развивает коммуникативную, самообразовательную компетенцию студентов, позволяет совместно решать поставленные задачи. Студенты отмечают у себя возросшую мотивацию в выполнении задач кейс-технологии, успех которого складывается из суммы профессиональных знаний, навыков и умений членов команды помноженное на слаженность работы в группе (распределение обязанности, знание вопросов темы, личное мнение, основы профессиональной коммуникабельности)

В дальнейшем, метод CBL (командно-ориентированное обучение) успешно будет использоваться при проведении практических занятий на кафедре химических дисциплин с курсом фармацевтических дисциплин.

Ключевые слова: фармацевтические дисциплины, практические занятия, инновационные методы обучения, CBL.

K.SH. URAZGALIEV, A.B.SAGINBAZAROVA

Marat Ospanov West Kazakhstan State Medical University, Aktobe

USING INNOVATIVE METHODS IN TEACHING PHARMACEUTICAL DISCIPLINES

Resume: The article studies methodical work of the pharmaceutical sciences course, which emphasizes the use of innovation in teaching the discipline and is aimed at creating comprehensively advanced professional, who will be in demand even in rapidly changing conditions of today's reality and is able to perform his duties competently and creatively.

The use and implementation of innovations, based on case technologies in teaching pharmaceutical disciplines leads students to achieve the objectives of training sessions. Command-oriented method develops communicative, self-education competence, allows students to solve the tasks together. Students notice an increased motivation when solving the tasks of case technology, the success of which is composed of sum of professional knowledge and team members' skills combined with the smoothness of group operation (distribution of responsibilities, knowledge of the topic questions, personal opinion, the fundamentals of professional communication skills)

In the future, the method of CBL (command-based learning) will be successfully used during practical lessons of chemical disciplines' department with the course of pharmaceutical sciences.

Keywords: pharmaceutical disciplines, practical training, innovative teaching methods, CBL.